

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1098 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы  
30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық жағдайларды жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 18, 156-құжат; 2000 ж., N 17, 168-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ереже қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0

ж ы л ғ ы

" \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

N

\_\_\_\_\_

Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

" Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

3 0

м а у с ы м д а ғ ы

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Шетелдік инвесторлар кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже к ұ р а й д ы .

3. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

### **2. Кеңестің негізгі міндеттері**

#### **5. Кеңестің негізгі міндеттері:**

1) мына мәселелер жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу:  
Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын а й қ ы н д а у ;

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту;  
Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы нормативтік құқықтық базасын ж е т і л д і р у ;

экономиканы әртараптандыру, өнеркәсіптік секторды индустрияландыру, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы инвестициялық және құқықтық жағдайлар ж а с а у ;

Қазақстан Республикасының экономикасын әлемдік экономикалық процестерге ы қ п а л д а с т ы р у ;

Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту с т р а т е г и я с ы ;

Қазақстан Республикасының халықаралық мәні бар ірі инвестициялық

бағдарламалары мен жобаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша инвестициялық саясаттың өзге де маңызды мәселелерін қарау және талқылау болып табылады.

### **3. Кеңестің құрамы**

6. Қазақстан Республикасының Президенті Кеңестің төрағасы болып табылады.

7. Лауазымы бойынша мыналар: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, Кеңес жұмыс органының бірінші басшысы Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылды.

8. Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де лауазымдық тұлғалары кіре алады.

9. Кеңестің шетелдік тараптан құрамын осы Ережеде белгіленген тәртіппен халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарының (бұдан әрі - халықаралық ұйымдар) өкілдері, шетелдік компаниялардың бірінші басшылары немесе олардың орынбасарлары қатарынан қалыптастырады.

10. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

### **4. Кеңес мүшелігіне өтінімдер беру және оларды қарау тәртібі**

11. Кеңестің құрамына қабылдану үшін халықаралық ұйымдардың, шетелдік компаниялардың өкілдері (бұдан әрі - үміткерлер) жұмыс органына осы Ережеге Қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінім береді.

12. Өздерінің үміткерлерін білдіретін халықаралық ұйымдардың және шетелдік компаниялардың Қазақстан Республикасының экономикасына жер қойнауын пайдалану саласында жұмыс істейтін инвесторлар үшін кемінде 200 миллион АҚШ долларына және экономиканың өзге де секторларындағы инвесторлар үшін кемінде 25 миллион АҚШ долларына баламалы сомада тікелей инвестициялар салу Кеңестің мүшесін қабылдану үшін негізгі өлшем болып табылады.

Қазақстан Республикасының экономикасында қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және инвестициялық процестерді жандандыру жөніндегі жұмыстарға белсенді қатысатын халықаралық ұйымдар, банктер мен өзге де ұйымдар үшін ерекше жағдай жасалуы мүмкін.

13. Көрсетілген өлшемге сәйкессіздік анықталған жағдайда жұмыс органы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша өтінімнен бастартуға құқылы.

14. Кеңестің мүшесіне қабылдау туралы өтінімдерді қарау кезінде жұмыс органы, сондай-ақ мыналарды ескереді:

- 1) халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның тәжірибесі мен іскерлік беделі;
- 2) Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік саласын дамыту үшін халықаралық ұйым/шетелдік компания қызметінің маңыздылығы;
- 3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік міндеттерін шешуге қатысуы, Қазақстан Республикасының аумағындағы демеушілік және қайырымдылық қызметі;
- 4) Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті стратегиялық кеңейтуге дайындығы;

5) шетелдерде Қазақстан Республикасының инвестициялық имиджін арттыру жөніндегі жұмысқа қатысуы;

6) Қазақстан Республикасында тіркелген өнеркәсіптік және іскерлік қауымдастықтардың, мемлекеттер елшіліктерінің ұсынымдары.

15. Өзге де тең жағдай кезінде инвестициялық қызметті экономиканың шикізат емес секторларында жүзеге асыратын халықаралық ұйымдарға және шетелдік компанияларға артықшылық беріледі.

## **5. Шетелдік мүшенің Кеңесте болу мерзімі**

16. Шетелдік мүше үшін Кеңесте болу мерзімі 3 жылды құрайды және Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша осы Ереженің 22-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті үш жылдық кезеңге ұзартылуы мүмкін.

## **6. Кеңестің шетелдік мүшелерін алмастыру**

17. Кеңестің шетелдік мүшелерінің үштен бірін алмастыру (жаңа мүшелермен ауыстыру) осы Ережеде белгіленген тәртіппен жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

Өзіне жүктелген міндеттерді тиімді орындауға ең көп ықпал ететін құрамда Кеңесті ұстау алмастырудың мақсаты болып табылады.

Кеңестің шетелдік мүшесін халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның сол өкілдерімен ауыстыру алмастыру болып табылмайды.

18. Алмастыру жұмыс органы ұсыныстарының негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

19. Алмастыру туралы мәселені қарау үшін жұмыс органы Кеңесте ұсынылған қажетті ақпаратты халықаралық ұйымдардан/шетелдік компаниялардан сұрата алады.

20. Жұмыс органы алмастыру туралы мәселені қарау мақсатында Кеңестің шетелдік мүшелерін алмастыру жөніндегі топ (бұдан әрі - Топ) құра алады.

Топтың құрамы қазақстандық және шетелдік тараптардың өкілдерінен тепе-теңдік

н е г і з д е

қ а л ы п т а с а д ы .

21. Топ ұсынымдарын ескере отырып, жұмыс органы Қазақстан Республикасының Президентіне Кеңестің құрамы жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

## **7. Шетелдік мүшені Кеңестің құрамынан шығару негіздері**

22. Шетелдік мүшені Кеңестің құрамынан шығару үшін мыналар:

1) Кеңестің шетелдік мүшесінің Кеңестегі өз қызметін тоқтату туралы жазбаша ө т і н і ш ;

2) Кеңестің шетелдік мүшесі өкілі болып табылатын халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті тоқтатуы;

3) Кеңестің құрамында болу мерзімінің аяқталуы;

4) шетелдік мүшенің немесе ол өкілі болып табылатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстанда 2000 жылғы 8 желтоқсаннан жұмыс істейтін Шетелдік инвесторлардың этикасы кодексі туралы декларацияны сақтамау негіздер болып табылады.

23. Қазақстан Республикасының Президенті дербес немесе жұмыс тобының ұсынысы бойынша өзге негіздемелер бойынша әрбір шетелдік мүшенің Кеңесте болу мерзімін тоқтату туралы мәселені қарастырады және шешеді.

## **8. Кеңестің бірлескен жұмыс топтары**

24. Кеңестің шешімдерімен алға қойған міндеттерін іске асыру мақсатында Кеңестің бірлескен жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

25. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне жалпы басшылық етуді олардың қазақстандық және шетелдік тараптарының тең төрағалары жүзеге асырады.

26. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарларын бірлескен жұмыс топтарының тең төрағалары бекітеді.

27. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамын Кеңес мүшелері ұсыныстарының негізінде жұмыс органы қалыптастырады және Кеңестің жалпы о т ы р ы с ы н д а б е к і т е д і .

28. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамына Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың, бірлескен кәсіпорындардың, қазақстандық және шетелдік компаниялардың өкілдері кіре алады.

29. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының жұмысына қатысу алмастыру құқығынсыз жүзеге асырылады.

## **9. Кеңестің жұмыс тәртібі**

30. Кеңестің жалпы отырыстары Кеңес төрағасы белгілейтін мерзімдерде жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Кеңестің жалпы отырыстары Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде заңды.

31. Кеңестің жалпы отырыстарының аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің төрағалық етуімен Кеңестің аралық отырыстары өткізіледі.

Аралық отырыстарға Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының басшының орынбасарынан төмен емес деңгейіндегі өкілдері, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының тең төрағалары, сондай-ақ Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілдері қатысады.

Аралық отырыстарда соңғы жалпы отырыс шешімдерінің оралу қорытындылары, Кеңестің бірлескен жұмыс топтары қызметінің нәтижелері, келесі жалпы отырысқа дайындық, шетелдік инвесторлардың ағымдағы проблемалары және өзге де мәселелері талқыланады.

32. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарына Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының өкілдері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен оның құрамына кірмейтін шетелдік компаниялардың өкілдері шақырылуы мүмкін.

33. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына тапсырмалар мен Кеңестің шетелдік мүшелеріне ұсынымдар бар хаттама қабылданады.

Кеңестің жалпы отырысының хаттамасына Кеңес төрағасы қол қояды.

Аралық отырыстың хаттамасына Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі қол қояды.

## 10. Кеңестің жұмыс органы

34. Кеңестің жұмыс органы:

1) Кеңестің құрамы жөнінде ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу;

2) Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамын қалыптастыруға және өзгертуге дайындық;

3) Кеңестің және оның бірлескен жұмыс топтарының отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;

4) бірлескен жұмыс топтарының қызметін үйлестіру, оның ішінде отырыстарға қатысушылар құрамын қалыптастыру, отырыстарға жұмыс құжаттарын, отырыс хаттамаларын дайындау;

5) Кеңестің және оның бірлескен жұмыс топтарының хаттамалық шешімдерін орындау мониторингін жүргізу;

6) Кеңестің және оның бірлескен жұмыс топтарының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

7) Кеңесте және оның бірлескен жұмыс топтарында ұсынылған халықаралық ұйымдардың және шетелдік компаниялардың қызметін талдау және Кеңестің төрағасына тиісті ұсыныстар енгізу;

8) Кеңестің және оның бірлескен жұмыс топтарының қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу және іске асыру жөніндегі функцияларды орындайды.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы Шетелдік  
инвесторлар кеңесі туралы ережеге  
қосымша

### **Кеңеске мүшеге қабылдауға арналған өтінім**

1.1. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның атауы

---

1.2. Почталық мекен-жайы: \_\_\_\_\_

1.3. Шыққан елі: \_\_\_\_\_

1.4. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның қызметіне жалпы сипаттама (қызмет саласы, іскерлік беделі).

1.5. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі жобалардың тізбесін қоса алғанда, Қазақстанда инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысуы туралы ақпарат.

1.6. Қазақстан Республикасының экономикасына салынған тікелей инвестициялардың көлемі.

1.7. Қазақстан аумағындағы жиынтық айналым, өндіріс көлемі.

1.8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның қызметінен түсетін түсімдер.

1.9. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның Қазақстан Республикасының әлеуметтік міндеттерін шешуге қатысуы, Қазақстан Республикасының аумағындағы демеушілік және қайырымдылық қызмет.

1.10. Қазақстандық қызметкерлердің саны.

2. Қазақстан Республикасының шетелдердегі инвестициялық имиджін арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысуы туралы ақпарат.

3.1. Үміткердің аты-жөні: \_\_\_\_\_

3.2. Лауазымы: \_\_\_\_\_

3.3. Кәсіптік қызметі: \_\_\_\_\_

3.4. Халықаралық ұйымда/шетелдік компания жұмыс істеу мерзімі:

4. Қоса беріліп отырған құжаттар (Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген өнеркәсіптік және іскерлік қауымдастықтардың, мемлекеттер елшіліктерінің кепілхаттары): \_\_\_\_\_

"